

№ E00021 21.03.2025 ж

**Мектепті басқарудағы әлеуметтік
желілер мен цифрлық технологиялар**

ТУЛЕПБЕРГЕНОВ АЛМАС КАЛДАРБЕКОВИЧ

*Түркістан облысы, Түлкібас ауданы,
«Б.Алтынсарин атындағы ЖББМ»
Мектеп директоры*

Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді.

Кәсіптік оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты- білімгерлердің оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқу программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Кәсіптік оқыту саласында компьютер білімгер үшін оқу құралы.

Жаңа заман талабына сай білімді, бәсекеге қабілетті, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік меңгерген, кәсіби біліктілікті жұмысшы мамандарды даярлауда кәсіптік оқытуды жетілдірудің, оның материалдық- техникалық базасын толық жаңартып отыру қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етіліп отырылуы қажет. Осыған байланысты мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп жылда дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Келешек қоғамымыздың мүшелері-жастардың бойында ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында білімгерлердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр.

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да жан – жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша білімгерлерге ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта көптеп қолдану тиімділігі артып отыр.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деген елбасымыздың үндеуінде айтылып кеткендей, білім ақпараттық қоғамда, жаһандану заманында құнның негізгі көзіне айналуда. Ғылым мен жаңа технологияларды, білім беруді дамытудың жаһандық үрдістері:

1. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар.
2. Ақпараттық мәдениет орталығы. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған. Ақпараттық технологиялардың бірі-интерактивтік тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтары. Жаңа ақпараттық технологияларды сабақта қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

1. Білімгерлерге еркін ойлауға мүмкіндік береді;
2. Тіл байлығын дамытады;
3. Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
4. Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.
5. Өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

«Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, білікті адам жетер тілек, бағына» деген ғұлама Баласағұнның сөздері менің өмірлік қағидам. Ұлы педагог Ушинский: «Мұғалім білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатса, мұғалімдігі де жойылады» деген болатын. Сондықтан әр бір ұстаз күнделікті сабағына өмір талабына сай дайындалып ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалануы тиіс. Ол заман талабы. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында «Білім беру жүйесінің басты- міндеті ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу делінген.

Білім ақпараттық қоғамда, жаһандану заманында құнның негізгі көзіне айналуда.

Ғылым мен жаңа технологияларды, білім беруді дамытудың жаһандық үрдістері:

1. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар.

2. Ақпараттық мәдениет орталығы.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияға интернет, теледидар, электрондық почта, радионы жатқызуға болады. Оқытушы ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы білім алушылармен байланысын жеке-дара жақындаса алатындай жолмен жүргізуге мүмкіндік алады. Мультимедия кабинетінде электрондық оқулықпен сабақ берудің тиімділігі көп:

1. Оқытушы білім алушымен білімін бағалауды компьютерге жүктейді.

Бұл бағалау көрсеткіштерінің нақты, дәл болуын қамтамасыз етеді.

2. Білім алушы жеке жұмыс жасайды.

3.

Оқытушы аудиториядағы білім алушылардың жағдайын толық көріп, әрбір білім алушының қабілетіне қарай онымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндігі ашылады. Сонымен қатар пәндерді оқыту әдістемесіне интернет жүйесін қосу сапалы білімнің қайнар көзі болар еді. Интернет жүйесі арқылы оқыту білім алушылардың өзара ақпарат алмасуын мүмкін етеді, танымдық қызметін арттырады, білім алуға қызығушылық ұлғайып, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады. Білім алушылардың мұндай қабілеттерін ашып, танымдық іс-әрекетін қалыптастыратын әрине, мұғалім екені даусыз. Оқытудың бұл жүйелерінде оқытушы тек басшылық жасайды әрі ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлінде болады. Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру- қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр-ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Білім-болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі-жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет білім алушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік- білім алушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік-бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті.

Білім алушылардың түпкілікті күзіреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелері. Күзіреттілікті білім алушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол-оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа. Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – білім алушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу. Ақпараттық технология- қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өндеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Оқыту құралдарының біріне тоқталсақ– электрондық оқулық. Ол білім алушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған программалық құрал. Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі-пәндік білім, екіншісі- компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану білім алушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы білім алушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдаланудың – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі.

Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты-оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық-ізденіс қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Мұның тиімді жағы: электронды оқулықта әр сабаққа арналған бейне көрініс, анықтама сөздік, диктант, тест тапсырмаларын, қайталау сұрақтарын пайдалана аламыз. Электронды оқулықты қолдану арқылы сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі, білім алушының пәнге қызығушылығы, білім, білік, дағды деңгейін қалыптастыруы, білімнің тереңдігі, тексеру түрлері, бағалауы, практикалық дағдыларды игеруі артады.

Білім алушылардың өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып, онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады.

Қорыта келгенде, оқытушы үшін нәтижеге жету білім алушысының білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала- ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Білім алушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

Дене тәрбиесі- денсаулық кепілі

МЕРЕСЕЙ ЕСБОЛ МЕРЕСЕЙҰЛЫ

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы

№28 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Дене шынықтыру жетекшісі

Жаңартылған білім үрдісінің ерекшелігі ақпараттық ашықтықты ғана белгілеп қоймайды, сонымен қатар пәндердің арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді. Интеграция процесі барлық салада қарқынды дамуда.

Ол ғылымдар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді. Соның бір айғағы дене тәрбиесінің медицина, салауатты өмір салты, валеология, гигиена сияқты ғылымдармен үндесуі. Қазіргі заманауи қоғамда дене тәрбиесін дамытудың маңызы зор. Себебі, әлем кеңістігін жайлаған пандемия індеті адам денсаулығын нығайтуда дене тәрбиесінің орны зор екендігін тағыда айқындап берді. Адам, денсаулықтың қаншалықты қымбат екендігін ұғына бастады. Денсаулықтың маңызын түсіну отбасында, мектептен бастау алмақ.

Білім мен тәрбие егіз ұғым ретінде отбасында бастау алса, кейін мектепте жалғасын табатыны белгілі. Себебі, денсаулықты сақтау дағдысы бала кезден қалыптаспақ. Өкінішке орай, қазіргі кезде бала денсаулығы нашарлауда. Оған әртүрлі факторлар әсер етуде. Баланың таза ауада серуендеуі азайып, керісінше, әлеуметтік желіде ұзақ уақыт отыруы көбеюде.

Дене тәрбиесінің қағидаттарын сақтау арқылы біз болашақ ұрпағымызды дені сау азамат етіп өсіруге мүмкіндік аламыз. Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді. Жалпы білім беруді реформалаудың негізгі бағыттарында жас ұрпақты отанымыздың физикалық дамыған, шындалған, жұмыс істеуге және қорғануға дайын етіп тәрбиелеу өте маңызды екендігі атап өтілді. Дене тәрбиесінің көптеген құралдарының ішінде сауықтыру мәселелерін шешуге көмектесетін және спорттық дағдыларды қалыптастыруда жетекші болып табылатын қозғалыс ойындар кеңінен қолданылады. Баланың дұрыс қозғалуы мен шапшаңдығы осы ойын процесіндегі белсенділігіне байланысты болады.

Ойын, біріншіден, жеке тұлғаның белсенді іс-әрекетін қалыптастырса, екіншіден, өмірге деген көзқарасы мен сенімін дамытады. Ойын арқылы бала қимыл-қозғалыс жасайды. Мектепке дейінгі кезеңде баланың негізгі іс-әрекеті ойын болып табылады. Дене шынықтыру мұғалімі сабақ барысында балаларға гимнастиканы, жеңіл атлетиканы үйрету кезінде олардың дұрыс қимылына ерекше көңіл бөледі. Көп қайталанып істелетін қозғалыстар балалардың қабілетін дамытуға, шапшаң және орынды қолдануға үйретеді.

Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады.

Ол мынадай түрлерге бөлінеді.

•Таңертеңгілік жаттығу;

•Қимыл — қозғалыс ойындары;

•Спорттық жаттығулары. Бала дене шынықтыру сабағында жалпы дамыту жаттығулары арқылы күш – жігерін шындай түседі.

Дене тәрбиесі, сауықтыру шаралары балалардың қозғалыстарын жетілдіреді, қимылдық дағдыларын және дененің икемділігін, шапшаңдығын, төзімділігін қалыптастырады. Сонымен қатар, балалардың еңбекке белсенді болуларына ықпал етеді. Осыған байланысты балалардың дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру қажет. Мектепте дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлеріне тоқталатын болсақ. Ең бірінші балалардың күн тәртібін ұйымдастыру барысында сауықтыру шаралары жүргізіледі. Олар: таңертеңгі жаттығу, қимылқозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері, спорттық ойын сауықтар. Балалардың белсенді тынығуына жұмыстың түрлерін таңдау арқылы жағдай жасалады. Мысалы, шынықтыру кезінде мұғалімдер балалармен эстафеталық жарыс ойындарын өткізгенде, олардың көңіл-күйлері көтеріңкі болатынын, бар ынталарымен бірігіп ойнауға тырысатынын байқауға болады. Олардың дене шынықтыру жаттығуларын жоспарлаған кезде тақырып мазмұнына қарай ұлттық дәстүрлерді ендіру ескерілуге тиіс. Ермектерді жоспарлау кезінде үлкен ұйымдастырушылық дайындық және тақырыптың мазмұнына байланысты шығармашылық жұмыс істеуді қажет етеді

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялықпсихологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікке қатынастарын дамытуды меңзейді. Дене тәрбиесі баланың денсаулығын дамытудың маңызды шарты болып табылады. Денсаулықты дамытуға бірнеше факторлар да әсер етеді. Атап айтсақ, табиғатта серуендеу, қысқы мезгілде шаңғы тебу, футбол ойнау т.б.

Жаттығуларды әртүрлі үлгіде ұйымдастырып, жыл мезгілдеріне, спорттық қызықты жағдайларға («дене шынықтыру күні», «олимпиада» т.б.) қоғамдық мерекелерге байланысты өткізуге болады. Дене тәрбиесін ұйымдастыру барысында жаңа технологияларды қолдануға болады. Бұл технологияларды қолдану арқылы педагог өзінің креативті ойлау дағдысын дамытады. Олардың істейтін жұмыстарының мазмұнына кіретін негізгі мәселелер: 1. Шәкірттерге оқу, еңбек және демалысты ұтымды пайдалануды үйрету, оқушылардың денсаулығын үнемі бақылау, жұмыс қабілетін жақсарту, оларға жағдай туғызып, қамқорлық жасау; 2. Мектеп ғимаратына, спорт өткізілетін орындарға қойылатын санитарлық – гигиеналық талаптарды орындау, оқушыларды жеке және қоғамдық гигиенаға дағдыландыру; 3. Жыл бойында қозғалыс жасау, дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстарын тиімді өткізу. Дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт, табиғи факторлар жатады. Дене жаттығулары – бұл саналы түрде орындалатын қимылдар және қозғалтқыш әрекеттер. Дене жаттығулары бұлшық ет жүйесін, қан айналымын және тыныс алу мүшелерін дамытады, буын сүйектерін қозғалмалы етеді, жалпы жұмыс қабілетін жақсартады. Дене жаттығулары

бүкіл организмнің дамуына, жетілуіне қолайлы ықпал жасайды. Гимнастика. Мұның бірнеше түрлері бар: негізгі және гигиеналық гимнастика, спорттық гимнастика, акробатика, көркемдік гимнастика, өндірістік және емдік гимнастика. Ойын- балалар өмірінде үлкен орын алады. Дене тәрбиесінде қозғалыс ойындары пайдаланылады. Қозғалыс ойындары оқушылардың ептілігін, тапқырлығын, қозғалтқыш дағдыларын жетілдіреді. Мұндай ойындар оқушыларды жылдамдыққа, төзімділікке тәрбиелейді. Дене тәрбиесінде оқу бағдарламасына сәйкес спорттық ойындар: футбол, баскетбол, волейбол, қол добы, теннис пайдаланылады. Оқушылар әрбір ойынның тәсілдерін зерттеп үйренеді.

Қорыта айтқанда, баланың денсаулығын сақтау және оны нығайту маңызды проблемалардың бірі болып табылады. Оны шешу отбасының, мектептің және әлеуметтік ортаның міндеті болмақ.

22.03.2025 ж № E00031

ЕГЕНОВ ДОСБОЛ ШАХМАРДАНҰЛЫ

Қызылорда облысы Шиелі ауданы

Ә.Тәжібаев ауылы «№214 орта мектебі» КММ

Математика пәні мұғалімі

**Математика сабағында жаңа
технологияларды қолдану мүмкіндігі**

Өркениетті қоғамның инновациялық мүмкіндіктері артқан сайын білім беру саласының өзгеруі заңды құбылыс. Ақпараттық қызметтердің күн сайын өміріміздің маңызды бөлігіне айналуы адамға көптеген жаңа мүмкіндіктерді игеруге негіз болады. Атап айтқанда, цифрлы қоғам құру тенденциясы адамның көптеген қызметтерін алмастыра алады.

Мемлекеттің экономикалық, саяси, мәдени көрсеткіштері ақпараттың жедел, қарқынды даму үдерісімен тығыз байланысты. Сондықтан да білім саласында оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын меңгерген педагогтың болуы заңдылық.

Әлемнің көптеген дамыған елдерінде қалыптасқан дәстүрлі білім беру жүйесін түбегейлі реформалау қажеттілігі туындады. Бұл, өз кезегінде заманауи қоғамның сұраныстарын қанағаттандырмайтыны, жаңа заманның шарттарына сәйкес келмейтіндігі, қоғам дамуына кедергі болатындығы айқындалды. Сондықтан да барлық саланы жаңартудың әдістері мен технологияларын ойлап табу қажет болды.

Елордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен тамыз конференциясы өтті. Осы конференцияда педагогтардың мәртебесі туралы айтылды. Сонымен қатар мұғалімдер өздерінің тәжірибесін жаңа инновациялық технологиялармен толықтырып отырулары қажет екендігі баса айтылды. Жаһандық әлемнің үдемелі дамуы педагогтер мен оқушыларға заманауи құзыреттерді қалыптастыруды ұсынады. Экономикалық ынтымақтастығы дамыған ұйымның (ЭЫДҰ) белгілеген 21 ғасыр дағдысының бірі ақпараттық сауаттылық болып табылады.

Сондықтан да әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар, қоғам дамуындағы қалыптасып отырған жаңа жағдайлар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге бейімделу қажеттігін туындатып отыр. Жаңа реформалардың пайда болуы жаңа әдістерді және оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімді технологияларын іздестіруді талап етеді.

Көптеген постиндустриалды қоғам ақпараттық технологияларды қолданудың стратегиялық тактикасын ойластырған. Ал біздің еліміздің еліміз үшін әрине бұл жаңа бағыт.

Бұл стратегия әлем елдерінің экономикалық дамуымен тығыз байланысты. Себебі, көптеген әлем елдері білім саласын модернизациялауға негізделген инвестиция көзін дамытудың жасыл экономикасына көшті. Осындай жағдайлар білім әлеуетін өзгертуге өз септігін тигізуде. Сондықтан да білім беру үрдісінде инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану өзекті мәселенің біріне айналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі адамзаттың жағдайы инновациялық технологиялардың дамуымен тығыз байланысты екенін айта келе, білім беру үрдісінде жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін арттыруды тапсырды. Инновациялық технологияларды математика сабағында қолдану тиімді болып табылады.

Соңғы жылдары бастауышта математиканы оқыту үрдісі бірқатар өзгерістерге ұшырады. Оқыту мақсаттарының өзгеруі бастауыш мектепте математиканы оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңартуды талап етті. Жаңартылған білім беру мазмұнында бастауыш сынып оқушысы математикадан талдау, салыстыру, абстрактілеу және сыни ойлауға дағдыланады.

Математика пәні оқушының ойлау қабілетін дамыту мен бірге ұстаздың да ізденуін, сабақты қалай түрлендіремін, нәтижеге қалай жетемін деген сұрақтарына жол табу керектігін меңзейді. Ұстаз өз сабағына сын көзбен қарай отырып дайындалып, оқушыны да сын көзбен қарауға баулиды. Математика пәнінің өзі де ойлауды, талдауды, дәлелдеуді, өмірде қолдануды талап ететін негізгі пәндердің бірі болып табылады. Сабақтарда балалардың математикаға деген ынтасын арттыруға, олардың өз бетінше жұмыс істей білу дағдысын тәрбиелеуге ерекше назар аударылады. Математикада жиі технологиялардың бірі – жоба жазу.

Жоба жазу оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, шешім қабылдай алу іскерлігін қалыптастырады. Оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес өзінің кәсіби бағдарын айқындауға көмектеседі. Жоба технологиясында мына міндеттер жүзеге асады.

1. Оқушылардың танымдық іскерліктері мен дағдыларын дамыту;
2. Ақпараттық кеңістікте бағдар ала білу;
3. Өз бетінше жоспар құра білу;
4. Ғылымның түрлі салаларынан білімді біріктіре білу;
5. Сын тұрғысынан ойлау қабілеті.

Математикадан әртүрлі тақырыптарға жоба жазуға болады. «Математикалық сауаттылық», «Креативті математика», «Математика және өмір дағдылары» т.б тақырыптар жоба жазуға мүмкіндік береді. Жобаны жазу барысында оқушылар тақырыпқа байланысты фактылар мен аргументтер іздестіреді. Тапсырмаларды орындау барысында оқушыдан ақпаратты жүйелеу және талдау, фактілерді, құбылыстарды жалпылау, қорытынды жасау қабілеті талап етіледі.

Белсенді оқу қызметі оқудың уәжінен, мақсаты мен шартынан және нәтижесінен құрылады. «Инсерт», «Миға шабуыл», «Топтық пікірталас», «Блум сұрақтары», «Кластер», «Синквейн», «Рөлдік ойын», «Шатастырылған логикалық баулар» т.б. белсенді әдістер пәнге деген қызығушылықты оятады. Инсерт әдісі аналитикалық ойды дамытады, материалды толық меңгеруге мүмкіндік туғызады. Бұл әдісті математика сабақтарында қолдануға болады.

Математика пәнінде үй тапсырмасын тексеру **барысында «Ақиқат, жалған»** әдісін қолдануға болады. Топтағы оқушылардың алдында қызыл және жасыл түсті қиылған қағаздар беріледі.

Мысалы, осы әдісті қолдану арқылы сандарға байланысты тапсырмалар беріледі.

Сандарға мұқият қара. 100, 220, 405, 601, 639, 980 Ақиқат және жалған пікірді белгіле.

1. Барлық сандар үш таңбалы
2. Барлық сандар жұп сандар
3. Сандар өсу ретімен орналасқан
4. Сандар 100-ден үлкен
5. Кейбіреуі дөңгелек сандар
6. Екі таңбалы сандар бар

Осындай тапсырмалар оқушылардың логикалық ойлауын қажет етеді.

Оқушылар сандардың нақты қайсысына жататынын анытайды.

Жаңа сабақты қайталау кезеңінде Синквейн құрастыру маңызды. Тақырып бойынша оқушылар қысқаша мәліметтер келтіреді. Синквейн құрастыру оқушының коммуникативтілігін айқындайды.

Мұғалім оқушыларға белгілі бір тақырыпты ашу үшін, мәселені шешуде бірігіп, топқа қарай кубиктің әр қырын таңдап алады. Өтілетін тақырып әр қырынан ашылады, жан-жақты сипатталады, қорытындыланады.

Қазіргі таңда мұғалімдер іс-тәжірибеде инновациялық технологияларды пайдалану арқылы жақсы нәтижелерге жетіп жүргені аян. Солардың бірі — сын тұрғысынан ойлау.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Осы технологияны мұғалімдер әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықтап қолдануына болады. Оқушыларды деңгейге бөлу арқылы математикадан есептер беруге болады.

Педагогикалық әдебиеттерде оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланыста қолданылады. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру.

Математика сабағында кеңінен қолданылып жүрген технологиялардың бірі – деңгейлік оқыту технологиясы. Бұл технология оқушылардың ізденушілік, өзіндік жұмыс істеу, білімді сапалы қабылдау, белсенділігін арттырады, мәселені тиімді шешудің жаңа мүмкіндіктерін анықтайды. Оқушыны деңгейге бөліп оқыту барысында мұғалім оқушыларға әртүрлі тапсырмалар ұсынады. Ол оқушының қабілетіне қарай іріктеліп жасалады. Бұл технологияның ерекшелігі оқушы ақпаратты өз бетімен өңдейді, талдайды және шешім қабылдайды.

Математика сабағында жиі қолданылатын технологиялардың бірі ойын технологиясы. Оқушылардың логикалық ойлау дағдысын қалыптастыру барысында ұлттық ойындар қолданылады. Ойын технологиясы оқушының іскерлік қасиетін қалыптастырады. Ойын оқушының тез ойлай білу дағдысын қалыптастырады. Ойын шарты алдын-ала белгілі болғанмен, ойын барысындағы күтпеген жағдайларда оқушы тез шешім қабылдай білуге жаттығады.

«Қан талапай» — асықпен ойналатын ойын. Бұл ойынға нөмірленген асық алынады. Нөмірге байланысты карточка алынады. Асық жерге шашылады, ал балалар талапайлап асық алады. Нөмірлері бойынша карточкадағы есепті шығарады. Кім тез әрі дұрыс шығарса, сол жеңіске шығады.

«Теңге алу». Бұл ойынды салыстыру, ерекшелігін табуға байланысты ойнатуға болады. Алдымен сұрақ беріледі. Есептің бірнешеуі оқып талданады. Ұлттық теңгеміздің суреті ілулі тұрады. Екі оқушының қайсысы есепті дұрыс орындаса, сол төл теңгемізді алады.

«Кубизм», «Топтастыру», «Болжау», «Жан-жақты сұрақ қою» стратегияларын қолдану, біріншіден сабақты дәстүрлі жүйеден өзгешелігін көрсететін болса, екіншіден заманауи әдістер оқушылардың өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға, жаңа идеялар ұсынуға, стандартты емес жағдаяттардан шығу жолдарын табуға көмектеседі.

Осындай оқытудың заманауи әдістері оқушылардың әртүрлі дағдысын қалыптастырады. Атап айтқанда:

- оқушылар жеке, жұппен, топпен жұмыс жасауға үйренеді;
- өз ойларын ашық айтып, ауызша, жазбаша еркін жазуға машықтанады;
- Сабаққа деген қызығушылығын көрсетеді;
- Бір-бірінің пікірін тыңдауға тырысады.

Сабақ үрдісінде постермен, интеллект картамен жұмыс жасау, құрастыру оқушылардың креативті ойлауын дамытуға негіз болады. Диалог барысында оқушылар есептерге баламалы формулалар келтіреді, басқа есептерді тұжырымдайды, өз ойын айтады, өз шешімін талдауға, саралауға мүмкіндік алады.

Математика пәні оқушылардың математикалық даму деңгейін қамтамасыз етіп қана қоймай, оқушылардың жалпы ақыл-ойының дамуына ықпал етеді. Бұл пәнде оқушылар есептер шығара отырып, әр тапсырмаға сыни ойланып жауап береді. Сабақта балалардың өмірлік тәжірибесінен, олардың тапқырлығын ескере отырып шешілетін есептерді беруге болады. Сонымен қатар «Визуалды айғақтар әдісі» бойынша топ оқушыларына геометриялық фигуралар беру арқылы оқушылардың ойлау дағдысын дамытуға болады. Оқушыларды топқа бөліп, әр топқа сұрақтар тарату арқылы фигураларды пішініне, түсіне, көлеміне байланысты топтастыру. Осындай жұмыс түрлері оқушылардың логикалық, креативті ойлау қызметін жетілдіреді.

Математика пәнінде есептен қате табу мақсатында бірнеше сұрақтар қою арқылы оқушылардың креативті ойлау дағдысын қалыптастыруға болады. Мысалы, «Дұрыс деп ойлайсыңдар ма?», «Тағы да қандай пікір айтар едіңдер?», «Жауаптың дұрыс екеніне сенімдісіңдер ме?», «Неге сүйенесің?», «Толықтыруға бола ма?», «Мысал келтіре аласың ба?» т. б. деген сұрақтарды қайта бағыттау арқылы диалог құрып, оқушылардың жаңа идеяларды табуына және шешім қабылдауына мүмкіндік жасауға болады.

Қорыта айтқанда еліміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыртын тың бағдарлама болды. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Білім беру парадигмасының ауысуы, оның тұжырымдамалық негіздерін қайта бағалау, білім беру мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын қайта пайымдау жалпы білім беру жүйесінде көптеген өзгерістер болуда. Математика пәнінің мазмұны да оқушылардың алған білімі мен дағдысын өмірлік жағдайда қолдануға үйретеді.

Пайдаланған әдебиеттер

2. Н.Т.Сартаева Ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін мотивациялау. Философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған авторефераты. Алматы, 2019
3. В.М.Глушков История информационных технологии -М:Образование. 2004. - С165
4. Ж.Садуова «Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану». // Білім. Алматы, № 5, 2006ж. -22-24.

МАЗМҰНЫ

- ТУЛЕПБЕРГЕНОВ АЛМАС КАЛДАРБЕКОВИЧ
- МЕРЕСЕЙ ЕСБОЛ МЕРЕСЕЙҰЛЫ
- ЕГЕНОВ ДОСБОЛ ШАХМАРДАНҰЛЫ